

Қысқы маусымда балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі
Нұсқаулық

1. Дайын өнімді іске асыру мерзімін, оны дайындау технологиясын қатаң және мүлтіксіз сақтау, дайын өнімдер бракеражды журналында азықтың сапалы құрамын тіркеу.

2. Меңгеруші міндетті түрде күн сайын сынама алып, тәуліктік сақтау сынамасын жүргізуге тиіс.

3. Балалардың қар мен сүңгілерді жемеуін, аузына бейтаныс заттарды алмауын қатаң қадағалау. Балаларға суық тию мен вирустық аурулардың қауіптілігін түсіндіру.

4. Күн сайын серуен алдында учаскені қарап шығу керек. балаларға қауіпті заттар: қурап қалған ағаштар, сүргі тақталары, шеге, сынған шынылардың болуына жол берілмеуге тиіс. МДҰ аумағындағы барлық шұңқырлар бітеліп, құдықтар ауыр қақпақтармен жабылуы керек.

5. Учаске қардан тазартылып, құм себілуге тиіс.

6. МДҰ қақпасы ысырмамен жабылып, ғимаратқа кіретін есіктер, топтық және басқа да үй-жайлардың есіктері жабық болуы керек, ілмегі биікте, балалардың қолы жетпейтін жерде болуы қажет. МДҰ қоршауында қаңғыбас иттердің кіріп кетуіне және балалардың өз еркімен кетуіне мүмкіндік беретін тесіктер болмауы керек. Ал егер бала өз еркімен кетіп қалса, оны іздеуге дереу бір қызметкерді жіберіп, болған жайды жақын жердегі полиция бөлімшесіне хабарлау қажет.

7. Қызметкерлер балаларды үнемі бақылауда ұстауы керек, оларды қараусыз қалдыруға болмайды, бөтен адамдарға, ата-аналарға оларды қарай тұруды сеніп тапсыруға болмайды.

8. Учаскедегі барлық құрал-жабдықтар (кіші нысандар, денешынықтыру құралдары) орнықты, тақтайлары мен шарбақтары берік болуы керек, балалардың жасы мен санитариялық талаптарға сай келуін бақылау қажет. Аязды күндері балалардың металл құрылымдарға денесінің ашық жерлерін (беті, қолы) тигізбеуі бақылауға алынуға тиіс.

9. МДҰ учаскесінен тыс жерлерге серуен, экскурсия ұйымдастыру кезінде (лаңкестік әрекет бойынша тыйым салынбаған жағдайда) мыналарды есте ұстау қажет:

- балалардың нақты санын білу;
- балалардың баратын орнын алдын ала анықтау;
- баратын барлық бағытты алдын ала жүріп өту;
- бұл іс-шара туралы алдын ала хабарлау;
- педагогқа көмектесуге МДҰ қызметкерлерінің бірін жіберу;
- адамдар көп жүретін көшелерде серуендеуден, сондай-ақ көліктің қарқынды қозғалысы тоқтамайтын жерлермен жүруден аулақ болған жөн.

10. Суық кезең басталғанда:

- балаларды температуралық жағдайға сәйкес киіндіру, бала ағзасының қатты тоңып немесе тым ысып кетуіне жол бермеу; балаларда қосымша заттар болуы керек;
- үй-жайдағы температуралық және ауа режимін үнемі қадағалау;
- белгіленген гигиеналық талаптарға сәйкес үй-жайды желдету;
- балалар болған кезде өтпелі желдетуге жол бермеу;
- серуен кезінде балалардың киімдері мен аяқ киімінің ылғалдануына жол бермеу;
- серуеннен оралған бетте балалардың ылғал киімдерін шешу;
- аяз бен жел күшейген кезде балаларды МДҰ үй-жайына кіргізу;
- ауа температурасы – 15 градустан төмендегенде тәрбиешінің қадағалауынсыз серуен сәтінде және мұз жолдармен, төбешіктермен, шанамен және шаңғымен сырғанаған кезде балалардың тұрақты түрде бір қалыпта тұруына жол бермеу.

11. Ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар, балаларды тәрбиешіге немесе сол күні қабылдайтын басқа қызметкердің қолына табыстау керек. Ата-аналар балаларды тәрбиешіге айтпастан алып кетуіне болмайды, сондай-ақ бұны балаларға, 16 жасқа толмаған жасөспірімдерге тапсыруға тыйым салынады. Тәрбиеші ата-аналардың балаларын алып кетуді тапсырған тұлғаларын білуге тиіс, ата-аналардың ұсынысымен олармен келісіп, танысуға болады.